

## Жарғы

<b>Жоба атауы:</b>	Дипломмен ауылға бағдарламасымен Республикалық орталықтандырылған база құру
<b>Бастамашылар:</b>	А.Р.Мұхамедиева - Мойынқұм ауданы, Мыңарал ауылдық округ әкімі аппаратының жетекші маманы А.Ш.Байгонысов - Мойынқұм ауданы әкімдігі экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің бас маманы Г.Н.Демесинов - Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің бас маманы М.Т.Жапаков- Шу қалалық әкімі аппаратының бас маманы
<b>Жобаның іске асырылу мерзімі</b>	2022 жылдың қаңтар айы мен 2023 жылдың қаңтар айының 1 аралығы
<b>Жобаның негіздемесі</b>	<p>1. ҚР Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі №72 бұйрығы. Көтерме жәрдемақы және тұрғын үй алуға немесе салуға әлеуметтік қолдау Заңның 18-бабының 8-тармағында көрсетілген қызметті алушыларға көрсетіледі.</p> <p>2. Осы жобаның мәселесі Дипломмен ауылға бағдарламасы бойынша басқа облыстан келген жас азаматтардың берілетін 1 реттік көтерме жәрдемақыны заңсыз қайталап алынуы. Осындай жағдай мемлекеттің қаржы мәселесіне әсерін тигізеді.</p> <p>2010-2021 жылдары «Дипломмен ауылға» бағдарламасы аясында 2 293 маманға 7,2 млрд.теңге несие беріліп, ауылдық елді мекендерге 2 040 маман нақты тартылды (1296 маман – білім беру, 448 маман – денсаулық сақтау, 69 маман – мәдениет, 66 маман – спорт, 6 маман – әлеуметтік қамсыздандыру,7</p>

	маман – мемлекеттік қызмет, 148 маман – АӨК салаларында жұмыс істейді).
<b>Жобаның өнімі</b>	Дипломмен ауылға бағдарламасы бойынша орталықтандырылған ақпараттық жүйе құру
<b>Жобаның SMART мақсаты</b>	Дипломмен ауылға бағдарламасы бойынша 2021 жылдан 2023 жылдың 1 қаңтар мерзімі ішінде Республикалық деңгейдегі орталықтандырылған ақпараттық жүйені құру
<b>Жобаның міндеті</b>	<ol style="list-style-type: none"><li>1. Жобаны әзірлеу;</li><li>2. Жобаны іске асыру бойынша көрсетілген қаражатты қарастыру;</li><li>3. Республика бойынша 2009 – 2021 жылдар аралығында ақпаратты жинау;</li><li>4. Базаның тиісті деңгейде құрылуы АҚ «НИТ» мамандарымен анықталуы;</li></ol>

<b>Жоба сәттілігінің критерийлері</b>	<p>Жоба егерде іске асса, күтілетін нәтиже:</p> <ol style="list-style-type: none"><li>1. Қазақстан мемлекетіндегі түкпір елді мекендерде жас мамандардың заңсыз қайталап алған көтерме жәрдемақыларын анықтай аламыз;</li><li>2. Базаның ыңғайлы болуы осы жұмыспен айналысатын маманға оңай түсінікті болуы.</li><li>3. Мемлекеттің қаржы мәселесі шешіледі</li><li>4. Дипломмен ауылға бағдарламасымен айналысатын экономика мамандарының жұмыстары оңтайландырылады.</li></ol>
<b>Стейкхолдерлер</b>	<ol style="list-style-type: none"><li>1. Қазақстан Республикасының білікті АҚ «НИТ» маманы;</li><li>2. Аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің мамандары;</li><li>3. Жамбыл облысы экономика басқармасы;</li><li>4. ҚР экономика министрлігі.</li><li>5.</li></ol>

<b>Жобаның шектеулері</b>	Мерзімі: 3 жыл аралықта Құны: 16 млн теңге Мазмұны: республикалық орталықтандырылған базаны құру
<b>Жоба тәуекелдері</b>	<ol style="list-style-type: none"><li>1. Жобаны қолдамауы</li><li>2. Қаражаттың бөлінбеуі</li><li>3. АҚ «НИТ» мамандардың келіспеуі</li><li>4. Түсініксіз базаның пайда болуы</li><li>5. Серверлік құрылғылардың жетіспеушілігі, яғни осы базаның өте баяу жұмыс істеу қаупі</li></ol>